



KNASARK

ADDEBMENTI

Есімі халықтың мақтаншы болған, еңбегі ел игілігіне айналған қаламгердің мүшелді тойы әдебиетті сүйетін адамның қай-қайсысын болсын толғандыратыны сөзсіз. Алайда, шығармаларын шын ұнатқан кесек тұлғалы көркем бейнелері көңіліне берік ұялаған, пікір-сөзімдері, әсерлі сөздері бойына жасынған сіңісті болған сүйікті жазушыға кесіп айтып, баға беріп жатудың өзі оңай емес. Суреткер келістіріп жасаған көркем ой-сезім дүниесі өзінді қоршаған өмір-болмыстық, яғни сені аясына алып тұрған жаратылыс-табиғаттың бір ажырамас бөлшегіндей көрінеді екен де, оған сүйсініп қарап, одан дәззәт алу қаншалықты табиғи, заңды нәрсе болса, баршамаызға қанықты, жан-сезім дүниемізге жалғасып жатқан көркем туындыларды үйреншікті тәсілдермен талдап-шолып, баяндап жату дәл сондай ұтымды бола қоймайтын секілді.

Тегінде, әдебиетті сүйетін қалың қауым сияқты, әдебиет-зерттеуді мамандық еткен адамға да өзін дарынды жазушының ынталы оқушысымын деп сезінудің рахат-қызығы шексіз мол болады. Мұны айтқанда біз көрнекті қаламгерге әдебиет тану ғылымы мен сынымыз қарыздар екенің жуып-шаймақшы емеспіз. Тек қана үлкен жазушының творчествосы қоғамдық өмірге алуан түрлі маңызы зор саяси-әлеу-

АЛҒЫР ОЙ, СЕРГЕК СЕЗІМ

меттік, тарихтық, мәдениеттік проблемалармен тығыз байланысып жататындықтан оны зерттеу, сипат-өзгешеліктерін ашып көрсету де ерекше күрделі іс болатынын айта кету артық емес деп санаймыз.

Қазақ совет әдебиетімен бірге жасасып келе жатқан, оның қалыптасуына да, кен өркен жайып, кемеліне келуіне де өлшеусіз үлес қосқан ең алдыңғы қатарлы жазушымыздың бірі Фабит Мүсірепов жайлы сынышы, әдебиетшілер, оқушылар тарапынан айтылып келе жатқан түйін-тұжырымдар, орынды, қисынды қорытындылар аз емес. Фабит Мүсіреповтің жазушылық өнерінің өзгешелігін, содан келіп туатын творчествосына тән басты қасиет-ерекшеліктерді сипаттамақ болғанда, әдетте көркемдік шеберлік, ізденгіштік, талғампаздық дегенді алдымен айтамыз. Және осының өзі көп жағдайда тек сырт көркемдік, сөз сұлулығы ғана деп ұғылмай, ой алғырлығы, сезім тереңдігімен қабысып, жатқан жазушының халық өмірінің шындығын жан-жақты, айқындап ашып бере білу қабілетінен туатын суреткерлік шеберлік деп кен мағынада айтылады. Фабит Мүсіреповтің өнерпаздық бітім-тұлғасын айқындай түсуді мақсат еткенде, ой қазығы осы шыншылдық, өмір сырын терең түсініп біле алатын байқағыштық, көркемдік сезімталдық мәселесі болу керектігі ешбір талассыз.

Жазушының бүгінгі өмір, кешегі халықтың басынан өткен тарихи уақиғалар жайлы ешбір жасандылығы жоқ ой-толғаулары да, адамның ішкі сезіміне байлауы, мінезін, кескін-келбетін бейнелеу шеберлігі де, орын тауып айтатын әжуа-мысқылы да, сөзді мәнерлеп келтіруі де, — бәрі өзінше, өз қалпында танылатыны рас. Әңгіме, романдарында, әсіресе, пьесаларында кейіпкерлердің әр қайсысын өзінше сөйлете білетіні және әр сөзді терең психологиялық астармен айтқызытыны осы бір үлкен драматургке хас шеберлік те — көпшілік мойындаған жай. Қаламгердің көркемдік шеберлігін танытатын осындай сан түрлі сипат-ерекшеліктерді саралап, нақтылап түсінудің маңызды екені күмәнсіз. Әйтсе де жазушыға тән шеберліктің тамыры тереңде жатқанын, шеберлік дегеннің ұтымды тәсілдердің жиынтығы емес екенін ұмытуға болмайды.

Басқа маңдайалды сөз зергерлері секілді, Фабит Мүсіреповтің жазушылық шеберлігі дегеніміз — алдымен ел өміріндегі ең келелі саяси-қоғамдық, ой-саналылық, мәдениеттік мәселелерді терең толғап түсіну, ой тұю, пікір қорыту шеберлігі; халық тіршілігіне, тағдырына қатысты сан-алуан құбылыстарды суретшіне сергек сезініп қабылдай білу, бейнелеп көрсете білу шеберлігі.

Жарты ғасырға таңғалынтып бойы әдебиеттің қазығын

ғы сапында келе жатқан жазушы елімізде социалистік қоғам орнату және нығайту, коммунизм идеяларын жүзеге асыру үшін жүргізілген ұлы күреске шынайы өнер қайраткеріне тән белсенділікпен араласып, дәуіріміздің түйінді проблемаларын толғай білетін замана жаршысы болған соң ғана анық шеберлік, өнерпаздық өнеге тапқаны ешбір шүбәсіз. Қазақ елінің қоғамдық өміріндегі қай кезеңді сөз еткенде де Фабит Мүсірепов шығармаларын атамай, қазақ әдебиеті жайлы, оның ішінде проза мен драматургия жайлы келелі кенес жасау мүмкін емес.

Қазақ әдебиетінің қырық жылдық өсу жолын шолғанда айтқан Мұхтар Әуезовтің мына сөзін еске аламыз: «Дүние-жүзілік әдебиеттің барша мәдениеттік дәстүріне сүйенетін реалистік прозамызды жасаған роман жазушылар мен әңгіме жазушылар. Мысалы, қазақ әңгімелерінің аса көркем үлгілері Бейімбет Майлиннің өзгеше мұрасынан танылады. Ірі формалы прозаның роман үлгілері: Сәбит Мұқановтың «Ботакөзі», Фабит Мүсіреповтің «Оянған өлкесі», Фабиден Мұстафиннің «Шығанағы» деп санаймыз».

Фабит Мүсіреповтің соңғы жылдардағы туындыларының қазақ әдебиеті мен мәдениетінің асыл қорынан қадірлі орын алатындығын бүгінде дәлелдеп жатудың қажеті аз.

Фабит Мүсіреповтің Шекспир мен Мольер, А. Островский секілді сөз зергерлерінің үлгілі дәстүрлерін өнеге тұтатыны да — айтылып жүрген шындық. Бірақ та, бұрыннан белгілі сюжетке құрылған шығарманың да жаналығы мол болуы мүмкін екенін, мұндағы қолданылатын көркемдік әдістер де өте қызықты болатынын естен шығармау керек. Әсіресе, «Қыз Жібектің» кино-сценарий болып жазылған қалпынан айкын көрінген эпостық сюжетке маңызды әлеуметтік идеяларды үстемелеп қосу әдісі ерекше көңіл аударарлық.

Тере бермей, түйіп айтқанда, жазушының шеберлігі сөз өнерінің шексіз мол байлығын еркін игеріп, қазақ халқының ұлттық көркем ой-сезіміне тән қасиеттерді өрістетіп, жаңа дүние жасаушы совет адамының өмірін неғұрлым әсерлі бейнелеу мақсатына сәйкес жандандыра қолдануда.

Жазушының шеберлігін, талғампаздығын байқататын жай — оның өзіне де, өзгеге де үлкен талап қойып және әдеби шығарманы бағалағанда мейлінше әділ, батыл пікір айтатындығы. Осының бір ғана дәлелі — Мұхтар Әуезовтің Абай туралы романына алғаш оның бірінші кітабы жарық көрген кезде, 1943 жылы март айында, шығарманы талқылау үстінде айтқан сөзі. Осы сөзінде Фабит Мүсірепов «Абай» романы бүгінгі қазақ совет әдебиетінің жаңа белі» деп бағалаған болатын. Бұл ойын жалғастыра: «Қазақтың әр жазушысы «Абай» арқылы әдебиетіміз жаңа сатыға көтерілгені ескеріп, қолына қалам

алғанда сол сатыға көтерілуді, сол саты арқылы одан да жоғары көтерілуді арман етсе екен деймін» дегенді.

Фабит Мүсіреповтің әдебиет мәселелері жайлы ой-толғамдары әдебиетіміздің дамуына, әдебиет зерттеу ғылымы мен сынға әр кез игілікті ықпалын тигізіп келеді. «Суреткер парызы» атты кітабында басылған зерттеулер мен мақалалардан ақ осыны анық аңғаруға болады. Сақа жазушының жас қаламгерлердің шығармаларына ерекше назар аударып, пікір айтып отыратыны — әдебиетке қамқорлық жанашырлықтың жақсы өнегесі (мысалы, «Аға сөзі» атты мақаласы).

Фабит Мүсірепов қазақ әдебиетінің табыстарын, ұлттық мәдениетімізді одақтық көлемде де, шет елдерде де насихаттауға көп күш жұмсап келеді. Бұл істің жемісті болуына оның қаламынан таңдаулы туындылардың көптеген тілдерге, соның ішінде шет тілдерге аударылып, мол тарауы, әрине, үлкен себін тигізді. Жазушының Азия, Африка елдерінде, Италияда совет әдебиеті атынан өкілдік жасаған баянды еңбегін «Достық сапары» атты кітаптағы очеркінен айкын байқаймыз.

Туған халқының зор қадір-құрметіне не болған мәшһүр жазушы Фабит Мүсіреповтің тойы — әдебиетіміздің, бүкіл советтік мәдениетіміздің тойы. Бойындағы саркылмас қуаттарының туған еліне, Социалистік Отанына аянбай қызмет етуге жұмсап келе жатқан ардагер азамат, майталман қаламгердің өмірлік биік мақрат-мұраты — әдебиетіміздің мұраты, ел мұраты.

Зәки АХМЕТОВ.